

Шағын және орта бизнесті, фермерлік шаруашылықтарды дамытуды, жұмыс орындарын құруды несиелендіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 12 ақпандағы N 104

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Республикасы Үкіметіне шағын және орта бизнесті, фермерлік шаруашылықтарды дамытуға, жұмыс орындарын құруға 100 миллион АҚШ долларына баламды несиелер беруді қамтамасыз ету бөлігінде белгіленген сегіз нақты тапсырмасын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамы Европа Қайта жаңарту және Даму Банкі несиелік желісінің 50 миллион АҚШ доллары сомасындағы қаражатын және Азия Даму Банкінің 50 миллион АҚШ доллары сомасындағы Бағдарламалық заемының Екінші траншын шағын және орта бизнесті, фермерлік және шаруа қожалықтарын дамытуға, жұмыс орындарын құруға бағытталсын.

2 "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Азия Даму Банкі Бағдарламалық заемының Екінші траншын жүзеге асыру жөніндегі агенті ретінде тартылсын.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1998.04.15.

N 340 қаулысымен. P 980340_

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының бұрын қабылдаған міндеттемелерінің шеңберінде Европа Қайта жаңарту және Даму Банкінің несиелік желісінің қалған сомасына мемлекеттік кепілдік берсін және "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамымен бірлесіп екінші деңгейдегі уәкілетті банктерді іріктеуді жүргізісін.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.15. N 340

қаулысымен. P 980340_

4. "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамы кәсіпкерлік субъектілерін несиелендіруге тартылған қаражаттың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігіне жүктелсін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК